

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 маусымдағы)**

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 77 филиалдары және 77 өкілдіктері бар. Алматы қаласында 11 қорлар және 1 қордан Қарағанды қаласында («Валют-Транзит Қор» жинақтаушы зейнетақы қор» АҚ), Жезқазған қаласында («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) және Ақтөбе қаласында («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

2006 жылғы мамырда заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 4 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі" АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2006 жылғы мамырда 56 243 (0,71%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 7 929 418 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 29,32%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,42%, «ҰларҮміт» – 15,35%, «Валют-Транзит қор» - 8,79% және «БТА Қазақстан» – 7,80% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 80,68% келеді. Ағымдағы жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 5 қорлардың үлесі 0,08 проценттік тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың мамыр айында 114 (0,35%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 547,5 млн. теңгені құрап 32 840 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" - 59,68%, "ҰларҮміт"- 18,33% және "Капитал" – 13,70% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 91,71% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Ағымдағы жылғы 1 маусымдағы салымшылардың жалпы саны – 3 686, дербес зейнетақы шоттарда 23,4 млн.теңге болды. Мамыр айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 28 (0,77%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.06.05ж.	01.06.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 094 127	7 929 418	835 291	11,77
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 998	32 840	1 842	5,94
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 119	3 686	567	18,18

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты мамырда 18 706 млн.теңгеге (2,53%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 757 399 млн. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 8,68% болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

(млрд.теңге)


Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.06.02 ж.	214,9	76,6	55,39
01.06.03 ж.	306,0	91,1	42,39
01.06.04 ж.	406,1	100,1	32,71
01.06.05 ж.	542,1	136,0	33,49
01.06.06 ж.	757,4	215,3	39,72

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 6,23 проценттік тармаққа ұлғайып 39,72% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 204 446 млн. теңге немесе 26,99%, "ҰларҮміт" – 135 510 млн. теңге немесе 17,89%, "МЖЗҚ" – 135 498 млн. теңге немесе 17,89%, «БТА Қазақстан» – 68 166 млн.теңге немесе 9,00% және "ГРАНТУМ" – 50 508 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,67%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,44% келді немесе ағымдағы жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 0,13 проценттік тармаққа төмендеді.

2006 жылғы 1 маусымдағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы

¹ Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы бағасы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) мамырда 5 682 млн. теңгеге (2,85%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 204 957 млн.теңге болды.

Мынаны атап кеткен жөн ағымдағы жылғы қаңтар-мамыр айында «таза» инвестициялық кірістің өсімі барлық 2005 жылғы «таза» инвестициялық кірістің өсім сомасынан 9,4 млрд.теңгеге (40,4 млрд.теңге) көп болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%- пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.06.2002 ж.	59,9	20,7	52,81	27,87
01.06.2003 ж.	84,6	24,7	41,24	27,65
01.06.2004 ж.	100,7	16,1	19,03	24,80
01.06.2005 ж.	129,5	28,8	28,60	23,89
01.06.2006 ж.	205,0	75,5	58,30	27,07

Көрсетілген кестеде 2004 жылғы 1 маусымнан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқынының ұлғайғаны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 9,57 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 29,70 проценттік тармаққа ұлғайып 58,30% болды.


Таза инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда 9,96 млрд.теңге болғанын немесе 2,9 есеге өскенін атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 27,07% болды немесе үлесі мамырда 0,09 проценттік тармаққа өсті.

Мамыр айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 13 809 млн. теңгеге (2,45%) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 576 464 млн. теңге немесе ЖІӨ² қатысты 6,61% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)

² Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы бағасы



- зейнетақы жарналары
- инвесткіріс
- жинақталған зейнетақы қаражаты

Ағымдағы жылғы мамырда 138 млн.теңгеге немесе 3,2%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 4 456 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары мамырда 914 млн.теңгеге (2,27%) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 41 248,5 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 41 082,4 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 118,3 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,2 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 47,6 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы 2006 жылғы мамырда 3 832 млн.теңгеге (3,62%) өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы 109 762 млн. теңге болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 47,25%, «ҰларҮміт» - 13,24% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,53%, «БТА Қазақстан» - 6,66% және "ГРАНТУМ" - 5,75% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 83,43% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы мамырда 17 559 млн. теңгеге немесе 2,37%-ке өсіп 758 886 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 маусым және 2006 жылғы 1 маусым аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 18,0 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	зейнетақы активтері	
	млн. тенге	%-пен в %
ЖЗҚ		
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	204 819	26,99
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	135 803	17,89
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	135 375	17,84
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	135 375	17,84
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	68 495	9,03
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	64 007	8,44
"ГРАНТУМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	50 606	6,67
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 401	1,77
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	63 599	8,38
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 626	0,35
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 312	2,41
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	31 833	4,19
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 828	1,43

"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	35 734	4,71
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	35 734	4,71
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	18 425	2,43
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 425	2,43
"АЛЬФА–ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	17 551	2,30
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	17 551	2,30
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 078	1,99
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 078	1,99
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	758 886	100,00

2006 жылғы мамырда 14 817 млн. теңгеге немесе 2,02%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 маусымдағы инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 748 433 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Финансовые инструменты	01.06.2006ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	220 242	29,43
ҚР еврооблигациялары	1 967	0,26
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	175 475	23,45
Ұлттық Банктің ноттары	42 800	5,72
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	46 248	6,18
акциялар	2 862	0,38
облигациялар	43 386	5,80
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	214	0,03
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 247	0,43
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	21 572	2,88
Тазартылған алтын	8 751	1,17
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	324 976	43,42
акциялар	93 904	12,55
облигациялар, оның ішінде	231 072	30,87
АҚШ долларына номинирленген	2 376	0,32
теңгеге номинирленген	227 686	30,42

Екінші деңгейдегі банктердің салымдары

	123 183	16,46
жиынтығы:	748 433	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 5 291 млн. теңгеге немесе 2,35%-ке азайып, 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 220 242 млн.теңге немесе 29,43% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы мамырда 6 446 млн. теңге немесе 2,02% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 6 928 млн.теңгеге немесе 5,96%-ке өсіп 123 183 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,43% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 мамырда 4 512 млн.теңге (17,30%-ке) азайып, 21 572 млн. теңге (2,88%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 6,18% болды, бұл алдыңғы есепті кезеңіндегі ұқсас көрсеткіштен 1,14 проценттік тармаққа көп.

Қорларды номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы мамырдағы – 2006 жылғы мамырдағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 маусымдағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 24,60% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 21 059,9 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 7 912,5 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 37,57% болды. Жалпы алғанда 2006 жылғы мамырда қорлардың меншікті капиталы 636,8 млн.теңгеге немесе 3,12%-ке өсті.

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қалыптасқан резервтік капиталдың көлемі 1 730,2 млн.теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 8,22% болды. Ағымдағы жылғы мамырда резервтік капиталы өзгермеді.

Қорлардың кіріс жиынтық мөлшері ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда 11 399,6 млн.теңге болды, оның ішінде комиссиялық сыйақыларынан (зейнетақы активтерден және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен) түскен кірістер 10 615,4 млн.теңге (кіріс жиынтық мөлшерінен түскен 93,12%) және шығыстар мөлшері – 3 705,5 млн.теңге, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және кастодиан банктерге – 1 293,9 млн.теңге немесе қорлардың шығыстар жалпы сомасының 34,92% сыйақы.

Ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда 12 қорлар жалпы сомасы 7 079,0 млн.теңгеге таза кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін) және 2 қорларда шығындар болды: «Д.А. Қонаев атындағы» және «Капитал» жалпы сомасы 1,4 млн.теңге болды.

2006 жылғы қаңтар-мамырда таза кірістің (салық салығын төлегеннен кейін) жалпы сомасы 7 077,6 млн.теңге болды. Кірістің ең көп сомасы (салық салығын төлегеннен кейін) мына қорларда болды: «БТА Қазақстан» - 42,92%, «Қазақстан Халық Банкі» - 38,91%, «Ұлар Үміт» - 6,86% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 88,69% болды.

2006 жылғы қаңтар-мамырда қорлар салық салығын төлегеннен кейін өткен жылдың тиісті кезеңге қарағанда 4,0 есе көп таза кіріс алғанын атап кеткен жөн.

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 1 110,4 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 5,01% болды.

2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 14 582,8 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 69,24% болды. Ағымдағы жылғы мамырда қаржы инвестицияларының көлемі 834,1 млн.теңгеге немесе 6,07%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 576,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 24,53%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 583,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 38,29%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 3 816,4 млн. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 26,17%) және «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 1 606,0 млн.теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 11,01%) орналастырды.